

Облысқа айрықша сіңірген еңбегі үшін зейнетақы тағайындалған азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету Тәртібі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Тәртіп облыстық Мәслихаттың 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 178-II XV сессиясының "Облысқа сіңірген айрықша еңбегі үшін зейнетақы тағайындалған азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету туралы" шешіміне сәйкес әзірленді.

2. Тағайындау тәртібі

2. Атырау облысына айрықша сіңірген еңбегі үшін зейнетақы тағайындалған азаматтарға әлеуметтік көмекті (әрі қарай - әлеуметтік көмек) жергілікті еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау органдары тағайындайды.

3. Әлеуметтік көмекті тағайындау үшін оны алуға құқылы азаматтар тұрғын жері бойынша еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау органдарына төмендегі құжаттарды тапсырады:

- әлеуметтік көмекті тағайындау туралы салық төлеушінің тіркелу нөмірі көрсетілген жеке арызы ;
- тұрғын жерінен анықтама ;
- арыз берушінің мәртебесін растайтын құжат.

4. Әлеуметтік көмекті тағайындау туралы берілген арызды барлық қажетті құжаттарымен бірге түскен күннен бастап есептегенде 5 күн ішінде жергілікті еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау органдары қарап, әлеуметтік көмекті тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы шешім қабылдайды .

5. Еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау органдары әлеуметтік көмекті төлеуден бас тарту туралы себебі көрсетілген шешім қабылданғаннан кейін арыз берушіге барлық құжаттарды қайтарады.

6. Жергілікті еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау органдары әлеуметтік көмекті тағайындаудың дұрыстығына жауап береді.

7. Жергілікті еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау органдарының әлеуметтік көмекті тағайындаудан бас тарту туралы шешіміне заңнамамен белгіленген тәртіпте шағым берілуі мүмкін.

8. Әлеуметтік көмекті тағайындау туралы арыз тапсырылған барлық құжаттарымен бірге, сонымен қатар әлеуметтік көмекті тағайындау туралы шешім немесе оның көшірмесі көмек алушының жеке ісінде сақталады.

3. Әлеуметтік көмекті қаржыландыру және төлеу тәртібі

9. Әлеуметтік көмек арыз берген айдан тағайындалады және ай сайын төленеді.

10. Әлеуметтік көмекті қаржыландыру облыстық бюджетте осы мақсатқа сәйкесті жылға қаралған қаржы есебінен жүзеге асырылады.

11. Жергілікті еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау органдары ай сайын есеп беріліп отырған айға жалғас айдың 5-інші жұлдызына дейін қаржыландыру үшін өтінімдерді еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау департаментіне жолдайды, сонымен қатар екінші деңгейдегі банктерге ай сайын әлеуметтік көмек алушылардың тізімін жібереді.

12. Еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау департаменті жергілікті органдардың өтінімдері негізінде облыс бойынша әлеуметтік көмек төлеуге қажетті қаржы көлемін анықтап, облыстық қаржы басқармасына әр айдың 10-ыншы жұлдызына дейін қаржыландыруға өтінім жолдайды.

13. Облыстық қаржы басқармасы еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау департаментінің өтінімі бойынша облыстық бюджетте әлеуметтік көмек төлеуге қаралған қаржы есебінен департаментке қаржы бөледі. Еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау департаменті ағымдағы шотына түскен қаржыны, сондай-ақ агенттік келісімге сәйкес комиссиялық сыйақыларды екінші деңгейдегі банктер шотына аударады.

14. Әлеуметтік көмекті жергілікті еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау органдарынан келіп түскен әлеуметтік көмек алушылар тізімі бойынша әр алушының жеке басын куәландыратын құжаттары (төлқұжат, жеке куәлік) негізінде екінші деңгейдегі банктер төлейді.

4. Есеп жүргізу және есеп беру тәртібі

15. Әлеуметтік көмекті төлеу бойынша есеп жүргізу, есеп беру еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау органдарына жүктеледі.

16. Еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау департаменті әр айдың 10-ыншы жұлдызына дейін өткен айда төленген қаржыны әлеуметтік көмек алушылардың санаттарына сай жіктеп, екінші деңгейдегі банктермен салыстырмалы актілер жасайды.

17. Жергілікті еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау органдары белгіленген нысанда және тәртіпте еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау департаментіне есеп тапсырады.

18. Әлеуметтік көмекті төлеуге бөлінген қаржылардың мақсатты жұмсалуды бақылауды уәкілетті органдар жүзеге асырады.

19. Заңсыз төленген әлеуметтік көмек сомалары заңнамада белгіленген тәртіп бойынша қалпына келтірілуге жатады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ